18.09.2019-ғы № 03-18/4125 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«Банур-1» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 29.08.2019 жылғы №180 (53594) өтінішіңізге төмендегіні хабарлайды.

Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №3508926-1 «*Техникалық қадағалаушы қызметтері»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді

1. ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* Қағиданың 154 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Конкурстық құжаттамаға 6 қосымшасының біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулеріне сәйкес, егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында Ұйымдастырушы тарапынан әлеуетті өнім берушілердің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесі үшін **«Саян construction» ЖШС, «Нұр&М Құрылыс» ЖШС, «Улмад» ЖШС және «Дан-Строй-Проект» ЖШС-ның** шартты жеңілдіктері дұрыс есептелмегені анықталды.

Алайда, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін зерделеу барысында, сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесі үшін **«Саян construction» ЖШС-не 1,5%** (3 *жыл*), **«Нұр&М Құрылыс» ЖШС-гі 0%**, **«Улмад» ЖШС-не** 2% (4 *жыл*), **«Дан-**

18.09.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Строй-Проект» ЖШС-гі 5% (10 жыл) шартты жеңілдіктер есептелуі тиіс екендігі анықталды.

2. Конкурстық құжаттамаға 6 қосымшасының біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулеріне сәйкес, Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшелігінде аталған қызметті орындау үшін «АБС-4» құрылғы болуы қажет делінген әлеуетті өнім берушілерге талап қойылмаған.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «АБС-4» құрылғысының растаушы құжаттарын ұсыну міндетті емес.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **А.Омаров**

Орын.: Д.Баймадиев
Тел.: 8 7252 35-06-06

18.09.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)